

Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет персоналын шет елде тұрғын үймен қамтамасыз ету нормативтерін айқындау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2022 жылғы 4 мамырдағы № 11-1-4/193 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 6 мамырда № 27945 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Сыртқы істер министрінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 11-1-4/737 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Сыртқы істер министрінің 29.12.2023 № 11-1-4/737 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің персоналын шет елдерде тұрғын үймен қамтамасыз ету нормативтері осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес айқындалған.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Валюта-қаржы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкіне орналастыру және ресми жариялау үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрі

М. Тілеуберді

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

**Дипломатиялық қызмет персоналын шет елде тұрғын үймен қамтамасыз ету
нормативтері**

P/c №	Болу елі	Тұрғын үй алаңының бір адамға берілетін шекті нормасы, шаршы метр	Тұрғын емес алаңның дипломатиялық қызмет персоналының бір бірлігіне берілетін шекті нормасы, шаршы метр
1	2	3	4
1	Америка Құрама Штаттары	30-ға дейін	30-ға дейін
2	Армения Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
3	Ауғанстан Ислам Республикасы	35-ке дейін	35-ке дейін
4	Аустралия Одағы	35-ке дейін	35-ке дейін
5	Аустрия Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
6	Әзербайжан Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
7	Беларусь Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
8	Бельгия Корольдігі	30-ға дейін	30-ға дейін
9	Болгария Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
10	Бразилия Федеративтік Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
11	Біріккен Араб Әмірліктері	35-ке дейін	35-ке дейін
12	Вьетнам Социалистік Республикасы	40-қа дейін	40-қа дейін
13	Германия Федеративтік Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
14	Грек Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
15	Грузия Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
16	Жапония	35-ке дейін	35-ке дейін
17	Израиль Мемлекеті	40-қа дейін	40-қа дейін
18	Индонезия Республикасы	35-ке дейін	35-ке дейін
19	Иордан Хашимит Корольдігі	35-ке дейін	35-ке дейін
20	Иран Ислам Республикасы	40-қа дейін	40-қа дейін
21	Испания Корольдігі	30-ға дейін	30-ға дейін
22	Италия Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін

23	Канада	30-ға дейін	30-ға дейін
24	Катар Мемлекеті	35-ке дейін	35-ке дейін
25	Корея Республикасы	40-қа дейін	40-қа дейін
26	Куба Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
27	Кувейт Мемлекеті	35-ке дейін	35-ке дейін
28	Қырғыз Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
29	Қытай Халық Республикасы	40-қа дейін	40-қа дейін
1	2	3	4
30	Латвия Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
31	Либия	35-ке дейін	35-ке дейін
32	Ливан Республикасы	35-ке дейін	35-ке дейін
33	Литва Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
34	Мажарстан Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
35	Малайзия	35-ке дейін	35-ке дейін
36	Марокко Корольдігі	35-ке дейін	35-ке дейін
37	Мексика Құрама Штаттары	40-қа дейін	40-қа дейін
38	Молдова Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
39	Моңғолия	35-ке дейін	35-ке дейін
40	Мысыр Араб Республикасы	35-ке дейін	35-ке дейін
41	Нидерланд Корольдігі	30-ға дейін	30-ға дейін
42	Норвегия Корольдігі	30-ға дейін	30-ға дейін
43	Оман Сұлтанлығы	35-ке дейін	35-ке дейін
44	Оңтүстік Африка Республикасы	40-қа дейін	40-қа дейін
45	Өзбекстан Республикасы	35-ке дейін	35-ке дейін
46	Палестина Мемлекеті	40-қа дейін	40-қа дейін
47	Пәкістан Ислам Республикасы	40-қа дейін	40-қа дейін
48	Польша Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
49	Португалия Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
50	Ресей Федерациясы	30-ға дейін	30-ға дейін
51	Румыния	30-ға дейін	30-ға дейін
52	Сауд Арабиясы Корольдігі	35-ке дейін	35-ке дейін
53	Сербия Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
54	Сингапур Республикасы	35-ке дейін	35-ке дейін
55	Сирия Араб Республикасы	35-ке дейін	35-ке дейін

56	Словак Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
57	Таиланд Корольдігі	40-қа дейін	40-қа дейін
58	Тәжікстан Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
59	Түрікменстан	30-ға дейін	30-ға дейін
60	Түркия Республикасы	35-ке дейін	35-ке дейін
61	Украина	30-ға дейін	30-ға дейін
62	Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі	30-ға дейін	30-ға дейін
63	Үндістан Республикасы	35-ке дейін	35-ке дейін
64	Финляндия Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
65	Француз Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
66	Хорватия Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
67	Чех Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
68	Швейцария Конфедерациясы	30-ға дейін	30-ға дейін
69	Швеция Корольдігі	40-қа дейін	40-қа дейін
70	Эстония Республикасы	30-ға дейін	30-ға дейін
1	2	3	4
71	Эфиопия Федеративтік Демократиялық Республикасы	35-ке дейін	35-ке дейін

Ескертпе:

* Осы бұйрық қолданысқа енгізілер сәтте жалға алынған тұрғын үй-жайлардың осы бұйрықпен белгіленген мөлшерден асып кеткен нормалары жасалып қойған жалдау шарттарының қолданылу мерзімдері аяқталуына қарай тұрғын үймен қамтамасыз етудің осы нормативтеріне сәйкес келтіріледі.

** Дипломатиялық қызмет персоналын шет елде тұрғын үймен қамтамасыз етудің осы нормалары Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшілеріне, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдеріне, сондай-ақ дипломатиялық қызмет персоналы болу елдеріндегі дипломатиялық кешендерде орналастырылған жағдайда қолданылмайды.